

Инвестициялау мақсаты

Зейнетақы активтерінің сақталуын және ықтималдығы жоғары дәрежеде зейнетақы активтері құнының сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін тәуекел деңгейінде ұзақ мерзімді келешекте нақты табыс алуды қамтамасыз ету

Портфель параметрлері

Негізгі валюта: **Қазақстан теңгесі**

Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфель құны – **23 539 571 182,5 мың теңге**

ИПБ зейнетақы активтері бойынша инвестициялық қызметі 01.04.2021ж. бастап қарастырылды


Halyk Finance зейнетақы активтері бойынша ИПБ инвестициялық қызметін 15.12.2022ж. бастады

Сенімгерлік басқаруға берілген зейнетақы активтері:

	ЗА Активтері, млрд теңге, 01.07.2025ж	Инвестициялық табыс, млрд теңге 01.01.25ж-дан бастап	Инвестициялық табыс, млрд теңге, соңғы 12 ай ішінде	ЗА кірістілігі, % 01.01.25ж-дан бастап	ЗА кірістілігі, %, соңғы 12 ай ішінде
BCC Invest	6,77	0,288	0,68	4,58%	12,22%
Halyk Global Markets	5,84	0,184	0,63	3,13%	13,08%
Jusan Invest	12,24	0,464	1,36	3,75%	13,07%
Сентрас Секьюритиз	2,50	0,145	0,29	6,23%	15,60%
Halyk Finance	37,41	0,982	5,18	2,53%	13,67%
ҚР Ұлттық Банкі	23 474,82	370,990	2 533,06	1,51%	12,22%

«БЖЗК» АҚ зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліне шолу¹

Зейнетақы активтері портфелінің құрылымы, %




Инвестициялық қызмет нәтижесі

Инвестициялық қызмет нәтижесінде, сондай-ақ шетелдік валюта бағамының және қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі салдарынан 01.01.2025 жылдан бастап 30.06.2025 жылға дейінгі кезеңге есептелген инвестициялық кіріс мөлшері - **373,05 млрд теңгені** құрады, оның ішінде:


Атауы	2025 жылдың басынан түскен инвестициялық кіріс млрд теңге	Соңғы 12 айдағы инвестициялық табыс, млрд теңге
Бағалы қағаздар бойынша (оның ішінде орналастырылған салымдар және «кері РЕПО» операциялары) сыйақы түріндегі және нарықтық қайта бағалаудан түскен кірістер	309,96	1 359,65
Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістер (шығындар)	-28,97	402,99
Сыртқы басқарудан түскен кірістер (шығындар)	87,02	769,3
Басқа кірістер (шығындар)	5,04	9,25
Жиынтығы:	373,05	2 541,19

Сенімгерлік басқарудағы компаниялар бойынша зейнетақы активтері портфелінің құрылымы, %




¹ Материалдар ҚРҰБ (18.07.2025 жылғы шығыс №05-4-02/561 хам), «BCC Invest» АҚ (15.07.2025 жылғы шығыс №20-09/1022 хам), «Jusan Invest» АҚ (10.07.2025 жылғы шығыс №16/423 хам), «Halyk Finance» АҚ (02.07.2025 жылғы шығыс №10-2/678 хам), «Сентрас Секьюритиз» АҚ (17.07.2025 жылғы шығыс №10/551 хам), «Halyk Global Markets» АҚ (08.07.2025 жылғы шығыс №080725/1 хам)

Сенімгерлік басқарудағы компаниялардың бағалы қағаздарды есепке алу санаты бойынша зейнетақы активтері портфелінің құрылымы, %




БЖЗҚ инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің 19,12%-ын амортизацияланған құны бойынша ескерілетін бағалы қағаздар құрайды. Әділ құны бойынша бағаланатын есепке алу санатындағы бағалы қағаздардың үлес салмағы зейнетақы активтерінің 79,85% - ын құрады. Ақша қаражаты, РЕПО операциялары, Депозиттер және өзгелері қалған бөлікті - 1,03% құрайды.

Сенімгерлік басқарудағы компаниялар бойынша валюталар бөлігіндегі зейнетақы активтері портфелінің құрылымы, %



БЖЗҚ Инвестициялық декларациясында белгіленген ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерінің валюталық портфелін нысаналы бөлуге сәйкес 01.07.2025 ж. жағдай бойынша индекстік инвестициялау шеңберінде шетелдік басқарушы компаниялардың сыртқы басқаруындағы активтер 4 888 млрд теңгені (инвестициялық портфельдің 20,77%) құрайды.


Сенімгерлік басқарудағы компаниялардың кредиттік сапа бойынша зейнетақы активтері портфелінің құрылымы, %



Халықаралық шәкіл бойынша «AAA»-дан «BBB-» дейінгі бағалы қағаздар/эмитент рейтингісі бар барынша төмен тәуекел деңгейдегі қаржы құралдары инвестициялық портфельдің² 95,76%-ын құрайды. Халықаралық шәкіл бойынша «BB+»-дан «B-» дейінгі және ұлттық шәкіл бойынша «kzBB+» рейтингісі бар қаржы құралдары 1,5%-ды құрайды. Рейтингтік бағасы жоқ қаржы құралдарының үлесі - 2,74%.

² Сыртқы басқарудағы активтер, шоттардағы қалдық, жолдағы ақша және пай қорларын қоспағанда

Сенімгерлік басқарудағы компаниялар бойынша экономика секторы бөлігіндегі зейнетақы активтері портфелінің құрылымы, %



* сыртқы басқарудағы активтер, дебиторлық берешек және ақша нарығының құралдары есепке алынбады

Сенімгерлік басқарудағы компаниялар бойынша елдер бөлігіндегі зейнетақы активтері портфелінің құрылымы, %

Мемлекет/Басқарушы	BCC Invest	Halyk Global Markets	Jusan Invest	Сентрас Секьюритиз	Halyk Finance	ҚР ҰБ
АҚШ	6,13%	15,01%	34,33%	13,29%	26,68%	11,35%
ХҚҰ	1,64%	0,00%	0,00%	0,00%	1,52%	1,02%
Корея	0,00%	2,38%	0,00%	0,79%	0,00%	0,89%
Индонезия	0,00%	2,45%	0,00%	0,00%	1,28%	0,70%
Мексика	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,67%
Сауд Арабиясы	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,60%
БАӘ	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,55%
Филиппины	0,81%	0,00%	0,00%	0,00%	4,08%	0,50%
Колумбия	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,36%
Бразилия	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	1,46%	0,32%
Чили	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,29%
Швеция	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,27%
Австрия	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,25%
Оман	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,24%
Катар	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,22%
Польша	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,21%
Румыния	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,21%
Венгрия	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,21%
Панама	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,20%
Израиль	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,20%
Перу	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,20%
Ресей	0,00%	0,00%	6,27%	0,00%	0,00%	0,18%
Қытай	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,17%
Канада	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,09%
Малайзия	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,09%
Австралия	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,09%
Марокко	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,09%
Парагвай	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,08%
Венесуэла	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,07%
Сербия	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,07%
Уругвай	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,05%
Гватемала	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,04%
Болгария	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	0,03%
Үндістан	0,00%	0,00%	0,00%	0,00%	1,35%	0,02%
Бермуд	8,26%	1,78%	0,00%	0,00%	1,24%	0,00%
Норвегия	0,00%	2,47%	0,00%	0,00%	1,28%	0,00%
Барлығы	16,83%	24,09%	40,60%	14,07%	38,90%	20,48%

Зейнетақы активтері портфелінің құрылымы, %



Инвестициялық қызмет нәтижелері

2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері (бұдан әрі – ЖМЗЖ ЗА) 462,2 млрд теңгені құрады.

ЖМЗЖ ЗА инвестициялық портфеліндегі борыштық қаржы құралдарын (ҮТМ) өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 14,73% құрады.

ЖМЗЖ ЗА бойынша жылдың басынан бастап есептелген инвестициялық кіріс мөлшері (-)6,28 млрд теңгені құрады, осы кезеңдегі кірістілік (-)3,17% құрады.

2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ЖМЗЖ ЗА-ның соңғы 12 айдағы табыстылығы 12,15% құрады.

ЖМЗЖ ЗА инвестициялық портфеліне ұлттық валютада белгіленген қаржы құралдары ғана кіреді.